

# Тақырып: Ауыспалы егіс

## Жоспар:

1. Ауыспалы егісті енгізу
2. Ауыспалы егісті игеру
3. Ауыспалы егісті сақтау
4. Ауыспалы егіс және топырақты эрозиядан қорғау

# Ауыспалы Егіс

```
graph TD; A[Ауыспалы Егіс] --> B[Егістік]; A --> C[Малазытық]; A --> D[Арнайы];
```

Егістік

Малазытық

Арнайы

▣ **Ауыспалы егіс деп** – ауыл шаруашылығы дақылдарының, керек жағдайда сүрі жердің, танаптарда және уақыт кезеңіндегі, немесе тек уақыт кезеңіндегі ғылыми негізделіп алмасуын атайды

## 1. Ауыспалы егісті енгізу

*Ауыспалы егісті енгізу*- жасалған жобаны жүйелі түрде шаруашылықтың пайдаланатын жер аумағына орналастыру жұмыстары.

**Ауыспалы егісті енгізу төмендегідей ұйымдастыру-шаруашылық және жерге орналастыру шараларынан тұрады:**

- а) Шаруашылықтың мамандандырылуын және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сату жөніндегі мемлекеттік тапсырманы ескере отырып, егіс алқабының құрылымын жасау.**
- б) Территорияны ұйымдастыру, жерді біркелкі құнарлы алқаптарға біріктіру.**

**в) Ауыспалы егістердін, санын, көлемін және шекарасын анықтап, олардың учаскелерінде жерді, техниканы және еңбекті мейлінше өнімді пайдалануды ескере отырып орналастыру. Әрбір топырақты алқапқа — олардың құнарлылығын, механикалық құрамын, эрозияға бейімділігін, рельефіне қарай өзіндік ауыспалы егіс беру.**

**Шаруашылықтағы ауыспалы егістердін барлық жиынтығы, қабылданған егіс құрылымының көлемін орындауды қамтамасыз етулері қажет.**

**г)Танаптарды кесіп бөлу және бағаналар қою жолымен ауыспалы егісті қалыпты жүргізу. Шаруашылық ішінде жерге орналастырудың жобасын және жерді пайдалану картасын жасауды шаруашылық басшыл арына тапсыру. Осы сәттен бастап екінші кезең — ауыспалы егісті игеру басталады.**

**Еңгізілген ауспалы егіс- жобасы**  
**шаруашылықтың пайдаланатын жер аумағына толық орналастырылған ауспалы егіс**

## **2. Ауыспалы егісті игеру**

**Ауыспалы егіс игеру жоспары- оны игеру кезеңінде өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын танаптарға орналастыру нобайы.**

**Ауыспалы егісті игеру- игеру жоспарын орындап, ауыл шаруашылығы дақылдарын алғы егістерге белгіленген нобайға сәйкес орналастыру кірісу.**

**Егісті игеруге көшіру жоспары, әр танапта немесе танаптың бөлігінде қабылдаған ауыспалы егісті толық, игергенге дейін дақылдардың кезектесулерінің тәртібін анықтайды. Ауыспалы егістің қабылданған схемасына көшу жоспарын жасағанда жұмыстың төмендегідей кезектесіп отыруын сақтауға міндетті.**

- 1. Кестеге жаңа жерлерді (тың, тыңайған) енгізу керек, өйткені олар ауыспалы егісті игерудің бірінші жылы дақылдар егу үшін пайдаланылмайды, оларды ерте парға өндеуге жоспарлау қажет.**
- 2. Кестеге өткен жылдардың көп жылдық екпе шөптерін, әлі жыртылуға жатпайтын жас өскіндерді енгізу керек.**
- 3. Кестеге өткен жылдың күзінде себілген күздік дақылдарды енгізу керек.**



- 4. Ауыспалы егістің жетекші дақылдарын жақсы алғы егістерге (пар, көп жылдық екпе шөптер, дәнді-бұршақ тектес, бір жылдық екпе шөптер) орналастыру қажет.**
- 5. Басқа дақылдарды құндылық шамасына қарай орналастыру.**
- 6. Арамшөбі көп танаптарды, егер олар ауыспалы егісті игеру схемасында көрсетілмесе де парға қалдыру керек.**

**7.Егісті игеруге көшу кезеңінде, ауыспалы егісті игерудің бір жылы ішінде жас шөптердің барлық жастағылары болуы үшін, көп жылдық екпе шөптер егісіне танапты жоспарлы түрде бөліп отыру керек.**

**8.Мүмкіндігінше, бірінші жылы-ақ танаптардың ала-құлалы-ғынан арылу қажет, яғни бір танапта бірнеше дақылдарды себу-ді жоспарлаудан сақтанған жөн.**

**Игерілген ауыспалы егіс- танаптардың белгіленген шегарасы сақталып, дақылдардан орналасуы мен олардың алғы егістері белгіленген қобайға сәйкес болуы.**

### 3. Ауыспалы егісті сақтау


- Ауыспалы егісті игергеннен кейін, оның сақталуына қатаң бақылау жасау қажет. Бұл үшін жыл сайын егісті қабылдағанда ауыспалы егіс танаптары бойынша дақылдардың, орналастырылуы, дақылдардың айналым кестесіндегі орналастырылуымен сәйкестендіріледі және «Ауыспалы егісте дақылдардың орналастырылуын тексеру актісі» жасалады. Жіберілген ауытқулар ауыспалы егістің бұрмалануына әкеп соқтырады.
- Ауыспалы егіс танаптарының орындалуына үлкен мән беру керек. Айналым кестесінде көрсетілген пар мен дақылдарды кезек-тестірілуінің тәртібі бұрмаланғанда ауыспалы егістің өнімділігі төмендейді, өйткені ауыспалы егісте дақылдарды кезектестірудің мейлінше мол қайтарымы екінші айналымнан басталады,

#### 4. Ауыспалы егіс және топырақты эрозиядан қорғау

**Дәнді-парлы ауыспалы егісте, пар топырақ эрозиясы кезінде ен. осал жер саналады, сондықтан да оны өңдеуді жолақтау бойынша жүргізу ұсынылады.**

**Мұндай жағдайда алқап пар арқылы тек екі жыл ішінде пайдаланудан өтеді. Мұндай ауыспалы егіс айналымы мей-лінше қиындау соғады (1; 2-суреттер).**

**1-сурет. Таза пар жолақтары мен танапта дәнді дақылдарды орналастырудың схемасы**



## 2-сурет. Кәдімгі дәнді парлы танаптың жолақтары орналастырылған таза парлы ауыспалы егіске көшу схемасы



Механикалық құрамы жеңіл топырақтарда егіншілікте дақылдарды тек қана жолақтап орналастыратын топырақты қорғайтын ауыспалы егісті қолдану негізінде жүргізуге болады, онда пар және бір жылдық дақылдар орналастырылған жолақтар көп жылдық екпе шөптер жолақтарымен кезектестіріледі.

Жолақтардың ені құмайт және жеңіл саздақ топырақта 25 метрден, ауыр саздақ және саз балшықты топырақта 100 метрге дейін болады.

**Топырақ қорғайтын ауыспалы егістерді игеру және оларды сақтау мейлінше күрделі, айналым кестесін жасау қажет (3-сурет).**

**Кей кездері шаруашылықты есеппен өмірінің 5-ші жылындағы шөптерді келесі жылы пішенге қалдырады, бұл дақылдарды мерзімі бойынша кезектестірудің бұрмалануына, айналымынын ұзаруына және топырақты қорғайтын ауыспалы егістің өнімділігінің, төмендеуіне әкеп соқтырады.**



**3-сурет. Бес танапты топырақ қорғайтын он жылдық айналымды ауыспалы егістің схемасы.**

Танаптар	Жолақтар	Жылдар									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
I	тақ	■	☞	☞	▨	▨	▨	▨	▨	☞	☞
	жұп	▨	▨	▨	☞	☞	■	☞	☞	▨	▨
II	тақ	☞	☞	▨	▨	▨	▨	▨	☞	☞	■
	жұп	▨	▨	☞	☞	■	☞	☞	▨	▨	▨
III	тақ	☞	▨	▨	▨	▨	▨	☞	☞	■	☞
	жұп	▨	☞	☞	■	☞	☞	▨	▨	▨	▨
IV	тақ	▨	▨	▨	▨	▨	☞	☞	■	☞	☞
	жұп	☞	☞	■	☞	☞	▨	▨	▨	▨	▨
V	тақ	▨	▨	▨	▨	☞	☞	■	☞	☞	▨
	жұп	☞	■	☞	☞	▨	▨	▨	▨	▨	☞

**Шартты белгілері**

▨ 1ші жылғы шөп

▨ 3ші жылғы шөп

▨ 5ші жылғы шөп

▨ 2ші жылғы шөп

▨ 4ші жылғы шөп

■ ықтырмалы пәр

Еркекшөп егісі, бір жылдық екпе шөптер егісімен және пармен кезектестірілетін жолақтардың қолайлы ені 50 м тең болатыны таблицадан көрініп тұр. Тәжірибе мен практика көрсетіп отырғанындай, ауыспалы егісте бір жылдық дақылдар мен көп жыл-дық екпе шөптерді, сондай-ақ парды үйлестірген жағдайда, эро-зияны тіпті құмайтты жерлерде де тоқтатуға болады. Жолақтар эрозиялық қауіпті жерлерге негізгі жел бағытына көлденеңінен кесілуі қажет.

## Негізі а.ш. дақылдары үшін алғы егістерді бағалау кестесі

Дақыл	Алғы егіс		
	жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлық емес
Бидай	Екпе пар, шөп үшін себілетін бұршақ сұлы қоспасы, бірінші бидай пар бойынша	Бұршақ, жүгері, тары, арпа, сұлы, пардан кейін екінші бидай	Қарақұмық, 3 жылдан артық бидайды қайталап себу
Арпа	Екпе пардан кейін бірінші және екінші бидай, таза пар	Тыңайтылмаған таза пар, жүгері	Пардан кейін үшінші бидай, екінші бидай жүгері бойынша
Сұлы	Тыңайтылған таза пар	пардан кейін бірінші бидай	Арпамен бірдей
Қарақұмық	Тыңайтылған таза пар	Тыңайтылған пар бойынша бірінші бидай	Екпе пардан кейін екінші және үшінші бидай
Тары	Тыңайтылған таза пар, пардан кейін бірінші бидай	Тыңайтылған пар, бойынша екінші бидай	пардан кейін үшінші бидай
Бұршақ	Тыңайтылған таза пар, пардан кейін бірінші бидай	Тыңайтылған пардан кейін екінші бидай	пардан кейін үшінші бидай, бері

**НАЗАР  
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ**

